



**Республикалық меншіктегі сумен жабдықтаудың инфрақұрылымдық желілерінің жұмыс істеуіне мемлекеттік қолдау көрсетудің 2007 жылға арналған ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 ақпандағы N 130 Қаулысы

"2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Республикалық меншіктегі сумен жабдықтаудың инфрақұрылымдық желілерінің жұмыс істеуіне мемлекеттік қолдау көрсетудің 2007 жылға арналған ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 2 1 а қ п а н д а ғ ы  
N 1 3 0 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Республикалық меншіктегі сумен жабдықтаудың инфрақұрылымдық желілерінің жұмыс істеуіне мемлекеттік қолдау көрсетудің 2007 жылға арналған ережесі**

1. Осы Республикалық меншіктегі сумен жабдықтаудың инфрақұрылымдық желілерінің жұмыс істеуіне мемлекеттік қолдау көрсетудің 2007 жылға арналған ережесі (бұдан әрі - Ереже) "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес әзірленді және 2007 жылға арналған республикалық бюджетте 030 "Республикалық меншіктегі сумен жабдықтаудың инфрақұрылымдық желілерінің жұмыс істеуіне мемлекеттік қолдау көрсету" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен республикалық меншіктегі сумен жабдықтаудың инфрақұрылымдық желілерінің жұмыс істеуіне мемлекеттік қолдау көрсету тәртібін белгілейді.

2. Республикалық меншіктегі сумен жабдықтаудың инфрақұрылымдық желілерінің жұмыс істеуіне мемлекеттік қолдау көрсету жөніндегі қаражат (бұдан әрі - қаражат) " Қаныш Сәтпаев атындағы канал" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі -

кәсіпорын) Қарағанды, Ақсу және Екібастұз қалаларының су арналарына тоқтаусыз су беруді қамтамасыз ету мақсатында 22 сорап станциясы үшін электр энергиясын сатып алу және тасымалдау жөніндегі шығындардың бір бөлігін жабуға арналады.

3. Кәсіпорын қаражатты алу үшін су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) электр энергиясын сатып алу және тасымалдау жөніндегі нақты шығындарды растайтын мынадай құжаттарды:

орындалған жұмыстардың актілерін;  
ш о т - ф а к т у р а л а р д ы ;

осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша нақты сатып алынған электр энергиясының және оны тасымалдау жөнінде көрсетілген қызметтердің жиынтық тізілімін ұсынады.

4. Уәкілетті орган осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген кәсіпорын ұсынған құжаттарды 7 жұмыс күні ішінде тексереді.

5. Кәсіпорынға қаражатты төлеу үшін уәкілетті орган 3 жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне бекітілген төлемдер жөніндегі қаржыландыру жоспарына сәйкес кәсіпорынның есеп шотына қаражат аудару үшін екі данада ақы төлеуге шоттардың тізілімін және ақы төлеуге шоттарды ұсынады.

6. Қаражатты төлеу үшін ұсынылатын құжаттардың дұрыстығына кәсіпорын мен уәкілетті орган жауапты болады.

7. Уәкілетті орган тоқсан сайын, есептіден кейінгі айдың 15-күніне дейінгі мерзімде , бірақ 2007 жылғы 25 желтоқсаннан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне бюджеттік бағдарламаның іске асырылу барысы, сатып алынған электр энергиясының және оны тасымалдау жөнінде көрсетілген қызметтердің көлемі, құны туралы есепті ұсынады.

8. Қаражаттың мақсатты, тиімді және уақтылы пайдаланылуын бақылау мен оған жауапкершілік уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктеледі.

Р е с п у б л и к а л ы қ м е н ш і к т е г і  
с у м е н ж а б д ы қ т а у д ы ң  
и н ф р а қ ұ р ы л ы м д ы қ ж е л і л е р і н і ң  
ж ұ м ы с і с т е у і н е м е м л е к е т т і к  
қ о л д а у к ө р с е т у д і ң  
2 0 0 7 ж ы л ғ а а р н а л ғ а н е р е ж е с і н е  
қ о с ы м ш а  
" Б е к і т е м і н "  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғы м и н и с т р л і г і  
С у р е с у р с т а р ы  
к о м и т е т і н і ң т ө р а ғ а с ы

2007 ж. " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

2007 жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша  
(күні) (айы)

**"Қаныш Сәтпаев атындағы каналы" РМК 22 сорап станциясы үшін нақты сатып алынған электр энергиясы мен оны тасымалдау жөнінде көрсетілген қызметтердің жиынтық тізілімі**

| Р/с<br>N | Электр энергиясын берушілердің және/немесе тасымалдаушылардың атауы | электр энергиясы берілді және/немесе тасымалданды, кВт.сағ. |                            | 1 кВт сағ. үшін бекітілген тариф, теңге | Көрсетілген қызметтердің құны, мың теңге |                            |
|----------|---|---|----------------------------|---|--|----------------------------|
|          |   | жыл басынан бері  | оның ішінде есепті кезеңде |   | жыл басынан бері                         | оның ішінде есепті кезеңде |
| 1        | 2   | 3   | 4                          | 5                                       | 6  | 7                          |
|          |   |   |                            |   |  |                            |
|          |   |   |                            |   |  |                            |
|          |   |   |                            |   |  |                            |

**кестенің жалғасы**

| Мемлекеттік көрсетілген мөлшері, мың теңге |                            | қолдаудың        |                            | Мем. қолдаудың жыл басынан бері қаржы қаражаты төленді, мың теңге | Төленуге тиіс, мың теңге |
|--|----------------------------|------------------|----------------------------|---|--------------------------|
| жыл басынан бері                           | оның ішінде есепті кезеңде | жыл басынан бері | оның ішінде есепті кезеңде |   |                          |
| 8  | 9                          | 10               | 11                         |   |                          |
|  |                            |                  |                            |   |                          |
|  |                            |                  |                            |   |                          |

**"Қ.Сәтпаев атындағы канал" РМК**

Бас директоры \_\_\_\_\_ (Т. А. Ә.)  
(қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_ (Т. А. Ә.)  
(қолы)